

"Мектепшілік бақылауды құжаттамалық рәсімдеу" атты облыстық семинар

10.12.2024 оқу жылында "Арқалық қаласы білім бөлімінің А.Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы" КММ-де "Мектепшілік бақылауды құжаттамалық рәсімдеу" атты облыстық семинар өтті. Мақсаты: білім беру сапасын арттыру бағытында мектепшілік бақылауды іске асырудың тиімді жолдарын көрсету. Қатысушылар: Амангелді, Жангелді, Наурызым аудандары және Арқалық қаласы мектептерінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары. Семинар ашылу салтанатынан басталды. Ашылу салтанатында мектеп-гимназиямыздың директоры Козбагарова К.Ш. мектепшілік бақылаудың маңыздылығы, ол қандай бақылаулардан тұратыны жайлы таныстырып өтті. Ашылу салтанатынан соң мектеп-гимназиямыздың мұражайы таныстырылып, мектеп-психологтары Мырзағалиева М.С.Маханова Т. Ж. келген қонақтарымызбен «Шаттыққа толы жүрекпен» атты тренинг жүргізді. Тренингтан соң директордың ғылыми ісі жөніндегі орынбасары Копанова Н.Л. «Мектепшілік бақылау нәтижесі - мектеп жұмысының жемісі» тақырыбында тәжірибе алмасса, оқу ісі жөніндегі орынбасары Ешмғалиев С.К. "Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу, оқу процесінің сапасын бақылау" тақырыбында flash-сессия өткізді. Директордың ақпараттық ісі жөніндегі орынбасары Жабағы Е.Ғ. "STEM тапсырмалары арқылы оқушылардың білім олқылықтарын толтыру және ББЖМ-ға дайындық сапасын арттыру" тақырыбында шебер-сынып, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Жапарова А.К.,Кайдаулова Д. Е. "Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс – шаралардың сапасын бақылау" тақырыбында Construct-сессия өткізді. Семинарды Кикбаева А.Т. «FILA» әдісі арқылы кері байланыс жүргізіп қорытындылады. Семинар соңында қонақтарымызға арналған «Әнім сенсің, жырым сенсің, Туған ел!» тақырыбында концерттік бағдарлама қойылды.

